

Әдістемелік кеңестің жылдық жоспары

ЖШС «Samruk Kids Club» балабақшасы

2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Әдістемелік жұмыстың мақсаты

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес сапалы тәрбие-білім беру ортасын қалыптастыру.

Міндеттері

- педагогтердің әдістемелік шеберлігін арттыру;
- ойын арқылы оқыту тәсілдерін жетілдіру;
- балалардың сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- шығармашылық және танымдық белсенділікті арттыру;
- ұлттық құндылықтарды тәрбие процесіне енгізу;
- педагогтердің өзара тәжірибе алмасуын ұйымдастыру;
- ата-аналармен педагогикалық серіктестікті күшейту;
- балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескеру.

Әдістемелік кеңес отырыстары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары	Тамыз	Бедилова А.Н.
2	Ойын арқылы баланың танымдық және әлеуметтік дамуын қолдау	Қазан	Педагогтер
3	Балалардың сөйлеуін дамытуда тиімді әдістер	Желтоқсан	Тәрбиешілер
4	Ұлттық құндылықтарды тәрбие процесіне енгізу	Ақпан	Педагогтер
5	Балалардың даму нәтижелерін талдау және келесі міндеттер	Сәуір	Бедилова А.Н.
6	Әдістемелік жұмыстың жылдық қорытындысы	Мамыр	Педагогикалық ұжым

Педагогтердің өзара тәжірибе алмасуы

- өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу;
- ашық іс-әрекеттер өткізу;
- тиімді ойындар картотекасын жасау;
- дидактикалық материалдармен алмасу;
- шығармашылық жұмыстар көрмесін ұйымдастыру;
- педагогтердің жеке әдістемелік тақырыптары бойынша жұмыс жүргізу.

Күтілетін нәтиже

Оқу жылы соңында педагогтердің әдістемелік сауаттылығы артып, балалардың жас ерекшелігіне сай тиімді педагогикалық әдістерді қолдану деңгейі жоғарылайды.

ЖШС «Samruk Kids Club» балабақшасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2025–2026 оқу жылы

Мақсаты

Балабақшадағы педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, балаларға, ата-аналарға және әріптестерге құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру, педагогтердің кәсіби қарым-қатынасын жетілдіру.

Негізгі міндеттер

1. Педагогтердің әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету.
2. Баланың жеке тұлғасын құрметтеу.
3. Ата-аналармен мәдени әрі кәсіби қарым-қатынас орнату.
4. Педагогтер арасында өзара сыйластықты қалыптастыру.
5. Қақтығыстардың алдын алу.
6. Педагогтің кәсіби беделін және жауапкершілігін арттыру.

Жұмыс жоспары

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауапты
1	Педагогикалық әдеп нормаларымен таныстыру	Қыркүйек	Бедилова А.Н.
2	«Балаға құрметпен қарау — педагогтің басты міндеті» әңгімелесу	Қазан	Педагогтер
3	Ата-анамен дұрыс қарым-қатынас мәдениеті	Қараша	Бедилова А.Н.
4	Педагогтер арасындағы кәсіби қарым-қатынас	Желтоқсан	Әдіскер/жауапты педагог
5	Қақтығыстардың алдын алу және шешу жолдары	Қаңтар	Бедилова А.Н.
6	Педагогтің сөйлеу мәдениеті	Ақпан	Педагогтер
7	Баланың жеке ерекшелігін құрметтеу	Наурыз	Педагогтер
8	Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуын талдау	Сәуір	Бедилова А.Н.
9	Жылдық жұмысты қорытындылау	Мамыр	Педагогикалық ұжым

Педагогтің әдеп қағидалары

Педагог:

- баланы кемсітпеуі;
- дауыс көтермеуі және қорқыту әдістерін қолданбауы;
- әр баланың жеке ерекшелігін құрметтеуі;
- ата-анамен сыпайы сөйлесуі;
- әріптестерінің кәсіби абыройын құрметтеуі;

- баланың жеке мәліметтерін құпия сақтауы;
- кәсіби жауапкершілік танытуы;
- баланың қауіпсіздігі мен эмоционалдық жай-күйіне назар аударуы тиіс.

Менгеруші:   Бедилова А.Н.

Ай сайынғы әдістемелік жұмыс күнтізбесі

2025–2026 оқу жылына арналған айлық әдістемелік іс-шаралар жоспары

ЖШС «Samruk Kids Club» балабақшасы

2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АЙЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Қыркүйек

- Балалардың бейімделу кезеңін бақылау.
- Топтардың заттық-дамытушы ортасын ұйымдастыру.
- Педагогтердің жоспарларын қарау.
- «Баланың балабақшаға бейімделуі» консультациясы.
- «Балдырған» тобындағы 2 жастағы балалардың жеке ерекшеліктерін бақылау.

Қазан

- «Ойын арқылы оқыту» әдістемелік семинары.
- Ашық ойын әрекетін ұйымдастыру.
- Дидактикалық ойындар қорын толықтыру.
- Педагогтердің өзара тәжірибе алмасуы.
- «Күншуақ» тобында сөйлеуді дамыту ойындарын ұйымдастыру.

Қараша

- «Баланың сөйлеуін дамыту» әдістемелік кеңесі.
- Сөздік қорды байытуға арналған ойындар.
- Педагогтердің ашық ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу.
- Ата-аналарға кеңес беру.
- Балалардың шығармашылық жұмыстарын көрме ретінде ұйымдастыру.

Желтоқсан

- «Ұлттық құндылықтар және балабақша» тақырыбында әдістемелік отырыс.
- Ұлттық ойындар картотекасын жасау.
- Жаңа жылдық мерекелік іс-шараларға дайындық.
- Балалармен қыс мезгіліне байланысты қауіпсіздік жұмыстарын жүргізу.

Қаңтар

- I жартыжылдықтағы жұмысты талдау.
- Балалардың даму динамикасын бақылау.
- Педагогтердің жеке әдістемелік тақырыптары бойынша жұмысын қарау.
- «Баламен тиімді қарым-қатынас» тренингі.

Ақпан

- «Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» шеберлік сағаты.
- Сурет, мүсіндеу, жапсыру жұмыстарын жетілдіру.
- «Самұрық» тобында логикалық ойындар ұйымдастыру.
- Ұлттық ойындарды қолдану тәжірибесін тарату.

Наурыз

- Наурыз мерекесіне арналған тәрбиелік жұмыстар.
- Ұлттық салт-дәстүрлермен таныстыру.
- Отбасылық құндылықтарды дәріптеу.
- Ата-аналармен бірлескен іс-шара ұйымдастыру.

Сәуір

- Балалардың даму нәтижелерін аралық талдау.
- Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу.
- «Мектепке даярлықтағы негізгі дағдылар» тақырыбында әдістемелік кеңес.
- «Самұрық» тобындағы балалардың мектепке дайындық деңгейін талдау.

Мамыр

- Оқу жылының әдістемелік қорытындысы.
- Педагогтердің есептері.
- Балалардың жетістіктерін талдау.
- Педагогтердің өзіндік білім жетілдіру жұмысына қорытынды жасау.
- Келесі оқу жылына ұсыныстар дайындау.

Әдістемелік құжаттардың жылдық папкасы

Әдістемелік папкада мына құжаттар жинақталады:

1. Жылдық әдістемелік жоспар.
2. Әдістемелік кеңес хаттамалары.
3. Педагогикалық кеңес хаттамалары.
4. Ашық іс-әрекеттердің жоспарлары.
5. Семинар және тренинг материалдары.
6. Педагогтердің өзіндік білім жетілдіру тақырыптары.
7. Өзара тәжірибе алмасу материалдары.
8. Балалардың шығармашылық жұмыстары.
9. Мониторинг нәтижелері.
10. Ата-аналарға арналған консультациялар.
11. Ұлттық ойындар картотекасы.
12. Дидактикалық ойындар картотекасы.
13. Қауіпсіздік бойынша материалдар.
14. Педагогикалық әдеп бойынша материалдар.
15. Жылдық қорытынды есеп.

Меңгеруші:  Бедилова А.Н.



